

Б.Б. Токишкадиров¹, Б.А. Бақытжанова², К.Д. Садыков³

¹Докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Семей, Қазақстан Республикасы

E-mail: botabek87@mail.ru

²Тарих ғылымдарының кандидаты, Әлихан Бөкейхан университеті
Семей, Қазақстан Республикасы

E-mail: anar2104@mail.ru

³Тарих ғылымдарының магистрі, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Семей, Қазақстан Республикасы

E-mail: sadykov.daryn@mail.ru

МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Моңғолия қазақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары және дәстүрлі мал шаруашылығы даму тарихына талдау жасау. Алтайдың күншығыс бетіне қоныс тепкен Моңғолиядағы қазақтар біртұтас қазақ әлемінің ажырамас бөлшегі болып табылады. Бүгінде әлем бойынша қазақ диаспорасы көп шоғырланған елдің бірі Моңғолиядағы қазақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына және шаруашылығы мен мәдениетінің даму ерекшелігін тарихи тұрғыда сараптауға басты көңіл бөлініп отыр. Шетелдік және отандық тарихнамада Моңғолияға қазақтардың қоныстануы, әлеуметтік және саяси тағдыры туралы ғылыми еңбектерде негізінен орта жүздің керей, найман, уақ руларының көші XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басына дейін жалғасқандығын көрсетеді.

Моңғолиядағы қазақтардың көп шоғырланған Баян-Өлгей және Қобда аймақтарындағы табиғи жағдайы дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысуына ықпал етті. Моңғолия қазақтарының әлеуметтік-экономиканың негізі және тіршіліктің көзі мал шаруашылығы болғандықтан, мал басының ұлғайып отырғандығын статистикалық мәліметтер дәлелдейді. Моңғолиядағы қазақтардың 1940 жылы ұлттық аймақ мәртебесін алуы қандастарымыздың әл-ауқаты мен тұрмыс жағдайына және ұлттық құндылықтарын сақтап қалуына ықпал етті. Моңғолияның қазақтар мекендеген Баян-Өлгей аймағының табиғаты елдің әлеуметтік-экономикасының дамуына, төрт түлік мал басын ұлғайтуға қолайлы жағдайда өз ықпалын тигізді. Баян-Өлгей аймағы – қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы сақталған, ана тілі ең таза сақталған, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті өзінің ежелгі құндылығын жоғалтпаған өңірлердің бірі. Бүгінгі таңда тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұлы көштің алғашқылардың бірі болып тарихи отанына оралған моңғолия қазақтары еді.

Кілт сөздер. Моңғолия қазақтары, Қобда, Баян-Өлгей, Алтай аймағы, Цин империясы, қазақ диаспорасы, дәстүрлі шаруашылық.

Алғыс. Мақала «1920 -1930 жылдардағы Кеңестік қысым саясаты нәтижесінде Моңғолияға қоныс аударған қазақтардың тағдыры және ерекшеліктері» жобасы аясында жазылды. (Жеке тіркеу нөмірі: AP19175164).

Б.Б. Токишкадиров¹, Б.А. Бақытжанова², К.Д. Садыков³

¹Докторант, Университет имени Шакарима города Семей,
Семей, Республика Казахстан,

E-mail: botabek87@mail.ru

²Кандидат исторических наук, Университет имени Аликхана Бокейхана,
Семей, Республика Казахстан
E-mail: anar2104@mail.ru

³Магистр исторических наук, Университет имени Шакарима города Семей,
Семей, Республика Казахстан
E-mail: sadykov.daryn@mail.ru

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАЗАХОВ В МОНГОЛИИ (вторая половина XIX – начало XX века)

Аннотация

Цель статьи – провести анализ социально-экономического положения и истории развития традиционного скотоводства казахов Монголии во второй половине XIX – начале XX века. Казахи, обосновавшиеся на восточном склоне Алтая, являются неотъемлемой частью единого казахского мира. Сегодня Монголия входит в число стран, где сосредоточено значительное количество представителей казахской диаспоры. В данной работе особое внимание уделяется историческому анализу социально-экономического положения, особенностей хозяйства и культурного развития казахов Монголии. В отечественной и зарубежной историографии в научных трудах о переселении казахов в Монголию, их социальном и политическом положении указывается, что миграция родов Среднего жуза – керей, найман, уак – продолжалась с конца XIX до начала XX века.

Природные условия наиболее компактно заселённых казахами регионов Монголии – Баян-Улгий и Кобдо – способствовали развитию традиционного кочевого и полукочевого скотоводства. Основой социально-экономической жизни казахов Монголии было животноводство, и статистические данные свидетельствуют о росте поголовья скота. Присвоение в 1940 году Баян-Өлгийскому аймаку статуса национального округа положительно сказалось на благосостоянии казахского населения, их быте и сохранении национальных ценностей. Природно-климатические условия Баян-Өлгийского аймака способствовали развитию социально-экономической сферы региона и увеличению численности скота. Баян-Улгий остаётся одним из регионов, где сохранились традиционное хозяйство казахского народа, чистота родного языка, обычаи, традиции и культура в их аутентичном виде. В наши дни казахи Монголии были одними из первых, кто, начиная с обретения независимости Казахстаном, совершили «великую переселенческую» волну на свою историческую родину.

Ключевые слова: казахи Монголии, Кобдо, Баян-Улгий, регион Алтая, империя

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта «Судьба и особенности казахов, переселившихся в Монголию в результате советской политики давления 1920-1930-х годов». (Личный) (ИРН АР 19175164)

В.В. Tokishkadirov¹*, В.А. Bakytzhanova², К.Д. Sadykov³

¹Doctoral student, Shakarim University of Semey,
Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: botabek87@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Alikhan Bokeikhan University,
Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: anar2104@mail.ru

³Master of Historical Sciences, Shakarim University of Semey,
Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: sadykov.daryn@mail.ru

SOCIO-ECONOMIC CONDITIONS OF KAZAKHS IN MONGOLIA (Second Half of the 19th – Early 20th Century)

Abstract

The aim of the article is to analyze the socio-economic conditions and the historical development of traditional animal husbandry among the Kazakhs of Mongolia during the late 19th and early 20th centuries. The Kazakhs who settled on the eastern slopes of the Altai Mountains represent an integral part of the broader Kazakh world. Today, Mongolia is one of the countries with a significant Kazakh diaspora. This study places particular emphasis on the historical analysis of the socio-economic situation, as well as the peculiarities of the economic and cultural development of the Kazakhs in Mongolia. According to both domestic and foreign historiography, scientific works concerning the settlement of Kazakhs in Mongolia and their social and political fate indicate that the migration of tribes from the Middle Zhuz – namely Kerei, Naiman, and Uak – continued from the second half of the 19th century until the early 20th century.

The natural conditions of the Bayan-Ölgii and Khovd regions, where the Kazakh population is most densely concentrated, contributed to the development of traditional nomadic and semi-nomadic animal husbandry. Since livestock breeding was the basis of the Kazakhs' socio-economic life in Mongolia, statistical data confirm the steady growth of livestock numbers. The granting of national district status to the Bayan-Ölgii aimag in 1940 had a positive impact on the well-being, living conditions, and preservation of the national values of the Kazakh population. The natural and climatic conditions of the Bayan-Ölgii region also played a significant role in the region's socio-economic development and the increase in livestock numbers. Bayan-Ölgii remains one of the few regions where the Kazakh people's traditional economy, pure native language, customs, traditions, and culture have been preserved in their original form. In the years following Kazakhstan's independence, the Kazakhs of Mongolia were among the first to return to their historical homeland in what became known as the "Great Migration."

Keywords: Kazakhs of Mongolia, Khovd, Bayan-Ölgii, Altai region, Qing Empire, Kazakh diaspora, traditional economy.

Acknowledgments. *The article was prepared within the framework of the project "The fate and characteristics of Kazakhs who moved to Mongolia as a result of the Soviet policy of pressure in the 1920s and 1930s". (Personal) (IRN AR 19175164)*

Кіріспе

XVIII ғ. басынан бастап Алтайдың теріскей бөлігінде Моңғолия жерінде мекендейтін қазақ халқының біраз бөлігі қоныстанған. Ежелден көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүрген қазақтар Алтай тауының теріскей беті – Қобда өңіріне 1751 жылдары тұрақтап қалған. Бұл аймақтың халқы түбі бір түркінің құрамына кіретін қазақ халқы болса да, орын алған әртүрлі тарихи оқиғалар мен жағдаяттарға байланысты біраз оқшауланып, тарихтың салған бұралаң жолына ілесулеріне тура келді. Қобда өңіріне қазақтардың қайта қоныстанғандарына 150 жылдан асты. Бұл өңір түркі халықтарының ежелгі мекені. XX ғасырдың басында бұл аймақта жаңа әкімшілік аудан құрылды. 1905 жылдан бастап Алтай аймағы деп аталып, Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының көп бөлігі мекендейтін Баян-Өлгей аймағы елдегі он тоғыз аймақтарының бірі болып қалыптасты. Солтүстік-шығысында Убсунур, оңтүстік-шығысында Қобда аймақтарымен, солтүстігінде Ресеймен, оңтүстік және оңтүстік-шығысында Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Баян-Өлгей аймағы орналасқан барлық аумақтың дерлік биіктігі 3000-4000 м дейін жететін Алтай таулары алып жатыр.

Бұл аймақтың табиғи-климаттық жағдайларға байланысты мұнда жартылай көшпелі мал шаруашылығы дамыған. Моңғолия қазақтары Баян-Өлгей аймағына іргелес Қобда аймағында тұрады. Қобда аймағы табиғи-климаттық жағдайлары бойынша ауа-райы мал шаруашылығын дамытуға қолайлы. Сондықтан аймақ тұрғындары жартылай көшпелі мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысады. Тарихтағы Найман мемлекетінің жері қазіргі қазақ халқы қоныстанған Баян-Өлгей мен Қобда аумағына тиесілі. Ал, Керейлердің мемлекеттік жері елдің елордасы Ұлан-Батор аймағын иеленеді. Алтай

тауының аймағы көне түркі халқының және соның ішінде қазақ халқының ежелгі мекені. Оған дәлел, таудың әрбір жотасындағы көне таңбалар, тастағы жазулар, халық ауыз әдебиетінде сақталған әртүрлі жырлар және т.б. Сондықтан Монғолия жеріне тарихи себептермен қоныс аударған қазақ этникалық тобының орналасуы, сол кездегі қоныстанған елдің саяси жағдайы, қазақтардың шаруашылығы мен әлеуметтік тағдырын зерттеу өзекті мәселердің бірі деп санаймыз.

Материалдар

Мақаланы жазу барысында зерттеу жұмысының методологиясы объективтік талдау мен жинақтау қағидалары және «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына» сәйкес отандық тарих ғылымында тәуелсіздікті дамыту идеясы алынды. Сонымен қатар Монғолия, Ресей және отандық ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ статистикалық мәліметтер мен мерзімді баспасөз, ғылыми басылым деректері зерттеудің теориялық және методологиялық негізін құрады. Кейінгі кезде қалыптасып келе жатқан жаңаша ғылыми ой-пікірлер мен тарихи көзқарастар негізінде жазылған еңбектер назарға алынды. Моңғолия аумағында жүргізілген санақтардың материалдары және ресми статистикалық мәліметтер қолданылып, тарихи-хронологиялық, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылды.

Әдіснама

Мақалада қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін, тарихи зерттеудің логикалық тәсілімен тығыз байланыстылығы тарихилық, объективтілік, сабақтастылық, ғылыми таным принциптері басты назарда болды. Зерттеу барысында тарихи салыстырмалық, диалектикалық, статистикалық, демографиялық талдау және басқа әдістемелер қолданылды. Тарихи құжаттар, деректер салыстырмалы әдіспен сараптаудан өткізіліп, Моңғолиядағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын статистикалық деректерді, тарихи құжаттарын, естеліктерді талдау арқылы тұжырымдар жасалды.

Нәтиже және талқылау

Моңғолия жерінде қоныстанған қазақтардың тағдыры, әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрғысындағы мәселелерге ғылыми талдаулар жасау - тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Мал шаруашылығының көшпелі түрімен айналысатын халықтардың, әсіресе қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы жазылған ғылыми еңбектер соңғы жылдары жарық көруде. Моңғолияда қоныстанған қазақ халқының тарихын зерттеуде сол аймақтың жергілікті ғалымдарының еңбегі зор. Олардың қатарына А.Сарай мен Ө.Міністі атауға болады. Ғалымдардың 1960 жылы «МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан» атты еңбегі жарыққа шықты. Қазақ және моңғол тілдерінде жазылған тарихи еңбекте өте көп тың дерек беретін архив жазбалары, халықтың ауызша және жазбаша әдебиетінің үлгілері, сан алуан тарихи оқиғаларды басынан кешірген қарт қариялардың естеліктері берілген. Алтай мен Қобда аймағына қазақ халқының көшіп келген уақыты, қоғамдық-экономикалық құрылысы, орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және т.б. тақырыптар баяндалған [1].

Ислам Қабышұлы Моңғолия аумағында көп жылдар бойы ел басқарған белді тұлғалардың бірі. Оның 1978 жылы «Керейлер керуені», 1980 жылы «Моңғолия қазақтарының тарихы», 1997 жылы оның «Қазақ қауымы» [2] атты еңбектері жарық көрген. Қаламгерлік жолында МХР 60 жылдығына, Баян-Өлгей аймағының 40 жылдығына арнап та еңбектер жазған.

Профессор, зерттеуші-ғалым Зардыхан Қинаятұлының 1995 жылы шыққан «Жылаған жылдар шежіресі»[3], 2001 жылы жарық көрген «Моңғолиядағы қазақтар»[4], еңбектерінде Моңғолиядағы қазақтардың қилы тағдыры мен тарихы, этнос ретінде өздерін сақтап қалуы, қоныстану ерекшеліктері мен олардың шаруашылығы жайлы жазылды. Моңғолия қазақтарының әлеуметтік жағдайы, салт-дәстүрі мен мәдениеті, тұрмысы, көші-қоны мәселесіне қатысты мәліметтер, келтіреді. Қазақ диаспорасының өткені мен болашағына байланысты зерттеу жұмысы әкімшіл-әміршіл жүйенің қазақ диаспорасына тигізген зардабы мен бұрмаланған тарихына қатысты бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарауға жәрдемдеседі.

Биқұмар Кәмалашұлының «Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы» атты диссертациялық зерттеулерінде тарихи отанынан тыс елде мекендеген қазақтардың өмірі: шаруашылығы, әлеуметтік жағдайлары, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығы мен егіншілік, аңшылық пен құсбегілік, балық аулау және т.б. мәселелерді этнография бағытында қарастырған [5]. Сондай-ақ зерттеуші Қ. Мұхамедиұлының «Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы» атты тарихи-этнологиялық еңбегі Моңғолия қазақтарының қалыптасуы мен дамуы, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, мәдениеті туралы мәліметтер береді [6].

«Моңғолия қазақтары этникалық тобын зерттеудің бағдарлама-сұрақнамасы» атты этнограф-тарихшы С.Е. Әжіғалидың зерттеу еңбегі Моңғолия қазақтарын негізгі қазақ халқының түп этникалық мәдениетінің көп бөлігін сақтап отырған этнос бөлігі ретінде қарастыра отырып, сол өңірдегі қазақтардың әлеуметтік және экономикалық өмірі жөнінде мәліметтер береді [7]. 2007 жылы Моңғолия мемлекетінің 800 жылдығы мен Қазақ ордасының 550 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шаралар аясында Ү. Құрманбайұлы мен Ш. Рахметұлының «Моңғолиядағы қазақ халқы» атты ғылыми-танымдық еңбегі жарық көрді. Бұл зерттеуде қазақ этностының Моңғолия аумағына қоныстану үдерісі, Баян-Өлгей ұлттық аймағының құрылу тарихы және оны басқару ісіндегі қазақ зиялы қауымының орны жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар кеңестік кезеңдегі Қазақстанмен мәдени-рухани байланыстар, әдеби мұралар, білім беру жүйесінің дамуы мен денсаулық сақтау саласының қалыптасуы жөніндегі тарихи-мәдени деректер кеңінен баяндалады. Еңбекте Моңғолиядағы қазақ қауымының бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты мәліметтер де жүйеленіп берілген [8].

Тарихшы Г.Б. Қозғанбаеваның «Моңғолиядағы қазақ диаспорасы: тарихы, бүгінгі мен ертеңі» атты кандидаттық диссертациясында, сондай-ақ А.Б. Қалышпен бірлесе әзірлеген «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы» атты оқу құралында Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қалыптасуы, қазақтардың қоныстанған аймақтары, дәстүрлі шаруашылығы, мәдениеті және салт-дәстүрінде ұлттық ерекшеліктерінің сақталуы, тұрмыс жағдайларына қатысты құнды мәліметтер береді [9]. Г.М. Мендікұлованың «Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие» атты еңбегінде қазақтардың шетелдерге қоныс аударуының себептері, орналасуы және әлеуметтік-экономикалық жағдайларына тоқталған [10, 143 б.].

Жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектері Моңғолия қазақтарының әлеуметтік-экономикалық өмірі туралы зерттеулерінің тарихнамаға қосар үлесі мол. Сондықтан белгілі бір елдегі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық тарихы туралы тарихи оқиғаға өркениет теориясы, ұлттық сана идеологиясы тұрғысынан тарихи-объективтік шындық принциптері негізінен ғылыми ізденіс жасау аса қажет деп санаймыз.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қытайдың батыс бөлігін мекендеген қазақтардың бір бөлігі қазіргі моңғол жеріне Қобда аймағына қоныстанды. Моңғолиядағы этникалық қазақтардың көп бөлігі XIX ғ. екінші жартысында – XX ғ. бірінші жартысында саяси оқиғалардың салдарынан қоныс аударған. Абақ керейдің бір тобының Алтайдың теріскей бетіне, Моңғолия еліне қоныс аударуы 1860 жж. басталып 1912-1914 жж. дейін жалғасқан. Керей тайпасы екі руға бөлінеді: ашамайлы және абақ. Абақ керей өз кезегінде 12 топқа жіктеледі. Моңғолияда негізінен абақ керейдің жантекей, шеруші, жәдік, шұбарайғыр, қарақас, молқы рулары мекендейді [3, 22 б.] 3. Қинаятұлының еңбегінде: «Наймандар моңғол жеріне екі түрлі тағдырмен тоғысты және олардың саны аз болды. Біріншісі, найманның Байжігіт, Бура, Шимойын тобы жоғарыда айтылған тағдыр тоғысымен Абақ керей ауылдарымен бірге 1860-1870 жж. Алтайға келген. Екінші қоныс аударушылар 1916 ж. бірінші дүниежүзілік соғыстың қосалқы жұмысына жігіт беруден бас тартып, Ресей мемлекетінің жарлығына қарсы шыққаны үшін әуелі Алтайдың күнгей бетіне асып, кейіннен 1919-1920 жж. Қобда бетіне келіп орналасқан наймандар. Аталған жағдай 1870 жж. басталып, 1930 жж. басында аяқталған» - деп көрсетеді [11, 73 б.].

Моңғолияның батыс өңіріндегі, Қобда өлкесіндегі қазақтардың тұрмыс-тіршілігі жайлы деректер Ресей саяхатшылары, тарихшы этнограф ғалымдары Г.Н. Потанин,

Г.Е.Грумм-Гржимайло, А.М.Позднеев, В.В.Сапожников еңбектерімен күнделіктерінде келтіріледі. Моңғол халқының ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінің нәтижесінде 1911 жылы Моңғолия Цин әулетінің отарлық үстемдігінен босап, егемендігін жариялады. Бұл кезеңге дейін Моңғолия Цин империясының әкімшілік құрылымына бағынышты болғандықтан, қазақтар мен моңғолдар арасында нақты мемлекеттік шекара белгіленбеген еді. Осындай жағдайды тиімді пайдалана отырып, қазақтардың жекелеген рулары XIX ғасырдың 70-жылдарынан бұрын-ақ моңғол аймақтарына қоныс аударып, негізінен мал шаруашылығымен айналысып, әсіресе жаз мезгілінде жайлау ретінде пайдаланғаны белгілі. Солардың қатарында Керей тайпасының Шеруші мен Жәнтекей рулары да моңғол даласының кең-байтақ табиғатына және шұрайлы жайылымдық жерлеріне тартыла отырып, XIX ғасырдың екінші жартысында бұл аумаққа қоныстана бастаған. Қазақтардың Қобда өңіріне орнығуы туралы Г.Е. Грумм-Гржимайло: «Олар өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңында Алтай тауынан Қобдаға дейін қоныстанып жатыр» – деп атап өтеді [12].

Г.Н. Потаниннің пікірінше, «қазақтар Алтай өңіріне қоныстанардан бірнеше жыл бұрын Жәнтекей биі Көбеш Алтай тауының солтүстік беткейіне қоныс аударған» деп атап көрсетілген [13]. Сонымен қатар, Ә. Мініс пен А. Сарайдың зерттеулерінде керейлердің моңғол аумағына қоныстану мерзімі жөнінде көптеген архивтік деректерге сүйене отырып, «қазақтардың Алтай тауының батыс бөлігінде немесе Қобда өлкесінде 1868-1869 жылдары қоныстана бастағаны және содан бері 91-92 жыл өткендігі сөзсіз» деген тұжырым жасалған [14, 23-27 бб.]. Қобда бағытында Керей тайпасының Шеруші, Жәнтекей, Қарақас және Молқы руларының жеке ауылдары ең алғаш көшіп барған.

Қазақтардың бір бөлігі Шығыс Түркістан өңірінде қоныстанған кезеңде де, кейін Моңғолия аумағына көшкеннен соң да олардың саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайы күрделі сипатта болды. Қазақтар Шығыс Түркістанда да, Моңғолия территориясында да саяси тұрғыдан Цин империясының әкімшілік билігіне бағынышты болды. 1911 жылы Моңғолияның тәуелсіздік жариялауы нәтижесінде, қазақтар жаңа егемен мемлекеттің аумағына енді. XX ғасырдың басынан бастап Цин империясы қазақтардың саяси өміріне біраз өзгерістер жасады. «Цин империясы өзінің феодалдық-хандық мемлекетінің әкімшілік жүйесін, губернаторлық әскери-әкімшілік мекеме құрды. Қытай империясы Алтай Қобда қазақтарына ру басшысы арқылы өз үстемдігін жүргізіп келді.

Алтай тауының батыс аймағына Абақ-керей рулары қоныстанып, олар әр түрлі тарихи кезеңдерде басқа этностар мен рулардың – төре, қожа, ноғай, ұйғыр, өзбек және тағы басқа топтардың келуімен этникалық құрамын байытып отырды. Бұл қауымдар өзара араласып, біртұтас қазақ этносының құрамында өмір сүрді. Аталған аймақтағы қазақтар Моңғолиядағы қазақ этносының ру-тайпалық құрылымының қалыптасуына негіз болды. Моңғолиядағы қазақ этносының ру-тайпалық құрылымын зерттеуде Р. Шынайдың «Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі» атты шежірелер жинағы негізге алынған, оның ішінде Абақ-керей руының шежіресіне талдау жасалған [15, 76-80 бб.]. Қазіргі таңда Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында Керей тайпасының жеті руынан тараған қазақтар тұрақты түрде қоныстанған. Ал Керей тайпасының он екі руының қалған бес руы және Ашамайлы керейлер Алтай өңіріне қоныс аударған. Сонымен бірге, Баян-Өлгей аймағында Керейлермен қатар Наймандар да тұрады.

Алтай тауының батыс аймағына қазақ рулары қоныстануына және олардың белгілі бір территорияға орналасуына ықпал еткен негізгі факторлар шаруашылық қызметімен тығыз байланысты болды. Қазақтар мал шаруашылығымен айналыса отырып, тұрмысқа қажетті өнімдер мен шикізаттарды өндіру мен өңдеудің түрлі түрлерін меңгерген. Қазақ қауымының негізгі экономикалық белсенділігі мен тіршілік көзінің негізі көшпелі мал шаруашылығына негізделген. Жалпы, бұл өңірге қазақтардың қоныстануының басты себептерінің бірі – мал шаруашылығы да болғандықтан, оны дамыту қажеттілігі де болды. Алтай тауының батыс бөлігінің климаттық жағдайлары мал өсіруге ерекше тиімділік туғызды. Жайлау кезеңінде климаттың қоңыр, салқын болуы, қыстаулардың қарлы және суының таза болуы, шөбінің шүйгіндігі мал өсірушілер үшін өте қолайлы жағдай жасады.

Абақ-керей руының жайылымдары туралы Г.В. Астафьев былай деп жазады: «...Бұл өңірдегі кейбір жерлер малды көшіп-қонып жайлауға өте қолайлы еді. Көшпелі мал шаруашылығының табысты болуы үшін қыс пен жазға арналған жайылымдардың мол болуы шарт. Мысалы, Алакөл ойпаты малды қыстатуға жарамды болғанымен, жайлау үшін қолайсыз еді» [16, 143-бет]. Сондықтан қазақ руларының көпшілігі жайылымның мұндай қолайсыздықтарына байланысты қыс және жаз айларында көшіп-қонып өмір сүруге мәжбүр болды. Қыстау мәселесі аса маңызды әрі күрделі мәселе ретінде қарастырылды. Осы тұрғыдан Е.Г. Грумм-Гржимайло: «Алтай аймағындағы жер дауы негізінен қыстау үшін жер алу мәселесіне қатысты болды» деп атап өткен [12]. Қыстау мен жайлаудың таршылығы қазақ руларының бірқатарының Алтай тауының батыс бағытында қоныстануына алып келді, бұл өз кезегінде олардың мал шаруашылығындағы қиындықтарды азайтуына ықпал етті. Қазақтар күнделікті қажеттіліктерін мал шаруашылығынан бөлек, егіншілік пен қолөнердің түрлі түрлері арқылы да қамтамасыз етті. Малды көп ұстаған ауылдардың жайылымдары кең аумақты қамтыды. Қазақтар бұл өңірге қоныстана бастағанда, жергілікті урианхай халқы жерді алым-салық төлеп иеленсе, кейіннен қазақтың ықпалды адамдары мен мүлік иелері тұрақты қоныстарға ие болып, белгілі аумақтарда қоныстанып, жайылымдарын ұлғайта түсті. Қазақтардың аталмыш өңірге қоныстануынан кейінгі 30 жылдың ішінде олар Қобда өзенінің батысы мен оңтүстігіндегі Даян, Сырғалы, Сақсай, Буянт және Дэлүүн өзендері бойында қыстап, тұрақтады. Ресейлік зерттеуші В.В. Сапожников «Моңғолиядағы қазақтар Қобда өзенінің бойында қыстап, тау жоталары арқылы Сырғалы, Даян көлі және Сақсай өзенінің сағасындағы жалғыз ағашты жайлаған» деп баяндайды [17, 128 б.].

Алтай тауының батыс өңірінде қоныстанған қазақтардың шаруашылығы және мал басының саны жөніндегі деректерді Г.Е. Грумм-Гржимайлоның еңбектерінен қарастырсақ, 1905 жылы жалпы мал басы 473 000-ға жеткен, оның ішінде жылқылардың саны 38 000, қой мен ешкі 408 000, сиыр 13 000, түйе 12 000 болғаны атап көрсетіледі [12, 301 б.]. Қазақтар мал шаруашылығымен қатар, аңшылықпен де белсене айналысқан. Қобда жеріне келген қазақтардың экономикасының негізі болып саналатын малдың санын Г.Е. Грумм-Гржимайло: «1900 жылы керейлердің бір қожалығында орта есеппен жиырмаға жуық малы болды», – деп жазады [12, 47 б.]. Қобда жеріне келген қазақтардың малының басы он бес-жиырма мыңнан аспайды. Бұл мәлімет XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қазақтардың әл-ауқаттарының нашар болғандықтарын дәлелдейді. Біздің ойымызша, өмірдің осындай кедейлігінен құтылу Қобда жеріне көшуге мәжбүр еткен сияқты. Моңғолия жеріне көшіп келген қазақтардың көпшілігі керей тайпасы болды. И. Қабышұлы «Қазақ қауымы» Моңғолиядағы қазақтар арасында Қызай, Найман және Арғын руларының да өмір сүргені атап көрсетілген [2]. Керей Абақ және Ашамайлы деп екіге бөлінеді. Қобда жеріне қоныстанғанның көбі Абақ керейлер. Абақ керей он екі руға бөлінеді. Г.Н. Потаниннің еңбегінде аталған рулар Абақтың ұрпақтарының аттары бойынша аталатыны баяндалады. Абақ керейдің он екі руы мыналар: Жәдік, Жәнтекей, Шеруші, Ителі, Қарақас, Молқы, Шұбарайғыр, Меркіт, Көнсадақ, Жастабан, Сарыбас және Шимойын. Аталған рулар өз кезегінде орта және шағын руларға бөлінеді [13, 3 б.].

1882 жылы Цин үкіметіне өтініш жолдап, ол арадан жер беруін сұрайды. Қытай үкіметі қазақтардың Қобдаға өтуін ұйғарса да, жер мәселесі жөнінде нақтылы шешім қабылдамады. Қазақтар Қобда бетіне көшіп келгеннен соң біраз жыл өткенде олардың малы, жаны көбейіп, көшіп келушілердің саны да молайғандықтан келе-келе уранхайларды шығысқа қарай ығыстырып, жайылым жерлерін көбейтіп отырды. Жер мәселесі жөнінде қазақтар мен уранхайлардың арасында үнемі дау-жанжалдар туып отырды. Қазақтар мен уранхайлардың арасындағы жер мәселесінің шиеленісуіне байланысты Цин империясы қазақтардың көшіп-қонатын жерлерін белгілеп беріп, оған белгі қадап отырған. Орыс саяхатшысы А.Н. Кознаков Қобда өзенінің бойымен жүріп келе жатып, қазақтар мен уранхайлардың арасындағы жер белгісін көргені туралы: «Жер мұнда шектеулі еді. Ақсу өзенінің басында қазақтар уранхайлардан жерді жалға алып отырды. Алайда екі халық

жауласқандықтан Қытай үкіметі олардың көшетін жерлерін белгілеп берді»,– деп жазды [18, 5 б.].

1771-1921 жылдар аралығында қазақтардың бір тобы XVIII ғасырдың басында Алтай тауының теріскей бетіне қоныстанды. Бұл кезеңде қазақтар арасында рулық-әкімшілік құрылым сақталып, біртұтас әкімшілік жүйе қалыптасты. 1905 жылы Алтай аймағы құрылған соң, Алтай тауының күнгей және теріскей бетінде орналасқан қазақтар жаңа әкімшілік құрылымға бағынған. Қобда өңіріндегі қазақтар сол жылдары салыстырмалы түрде тұрақты және берекелі өмір сүрді. Алтай тауының теріскей бетіндегі қазақтардың 1880-1911 жылдар аралығындағы тарихы Маньчжур – Цин империясының бодандығында өтті, ал 1911 жылдың соңында олардың қоғамдық-саяси өмірі Сыртқы Моңғолияның тарихи процестерімен сабақтасты. Алтай мен Қобда аймақтарындағы халықаралық шиеленістер белгілі бір деңгейде саябырлаған кезде Қобда қазақтары «Жалама айдаған» деген ауыр қайғылы оқиғаға тап болды. Бұл жағдайдың тууына қазақтардың өз ішіндегі алауыздық, ынтымақсыздық пен тартыстық үлкен ықпал етті. Бұрын Моңғолия жеріне төрт мәрте келген Дамбийжанцан Алтай өңіріндегі қазақтарды Қобдадағы ағайындарымен біріктіру арқылы бүкіл Орталық Азияны қамтыған саяси аласапыранның алдын алу мақсатында қазақтарды моңғол жұртының ішкі аймақтарына мәжбүрлеп көшіру және шашырату саясатын әскери зорлық-зомбылық арқылы жүзеге асырды. Моңғол әскерінің қазақтарды өз жерінен 300-350 шақырым алыстатумен, мал-мүлкін айдап, қантөгісті қатыгез әрекеттерге баруы, қазақтар арасында үрей туғызды. Осы кезде қазақтардың басын біріктіретін елағалары өмірден озғандықтан, ел басы бірігіп, ынтымаққа келе алмады. Дүрбіттердің ортасына қазақтарды айдап әкелген олардың жендеттері будда дінін зорлықпен енгізу мен әскери басыбайлыққа тартуды мақсат етті. Алайда қазақтар осы жоспарды тойтарып, «бір түннің ішінде Бұрғыстай жағасында жаудың 33 әскерін талқандап, 300 ауылды, мал-мүлікті иеленіп, Бөхмөрөн өзенін бойлай көшіп, Ресейдің Қос-Ағаш аймағына қарай беттеді» [2].

Жалама айдаудан босқан қазақтар Тува жері арқылы Қос-Ағашқа өтіп, ондағы қандастарынан паналау тапты. Алайда 1913 жылы мемлекетаралық келісім негізінде қайта кері қайтарылды. Қобда қазақтары бұл кезеңде әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан елеулі дағдарысқа ұшырады. Ауызша деректерде қазақтардың бір бөлігі тувалықтар мен алтайлықтардың арасында қалып қойғаны айтылады. 1913-1915 жылдар аралығында Қобда өңірінің ежелгі қазақ тұрғындарының басым көпшілігі өз мекендеріне қайта оралды. 1913 жылы шілдеде Қобда қазақтарының өкілдері Моңғолияның жаңа билеушісі Боғда ханға хат жолдап, Сыртқы Моңғолия құрамына кіруге дайын екендігін білдірді [19, 75-76 бб.]. Бұл ұсыныс толығымен қабылданып, оған Сыртқы Моңғолияның Ресей ықпалының әсері себеп болды. Сонымен қатар, 1914 жылдың 8 қыркүйегінен 1915 жылдың 15 маусымына дейін Ресей, Қытай және Сыртқы Моңғолия арасындағы келіссөздер барысында моңғол тарапынан ұсынылған жобада «Қобда қазақтарының мекендеген аумақтары Моңғолияның мемлекеттік шекарасына кіретіндігі» нақтыланды [6]. Осылайша, 1911-1921 жылдар аралығында Қобда қазақтары Сыртқы Моңғолия құрамында болғанымен, саяси жағынан бейтараптық ұстанып, іс жүзінде автономиялық басқаруды жүзеге асырды. Осы күрделі әрі аумалы-төкпелі кезеңде қазақ атқамінерлері әрбір оқиғаны мұқият бақылап, ұлттық рулық билікті сақтау мақсатында өз қорытындыларын жасап отырды.

Қазақтардың бір бөлігінің Алтай өлкесінен Қобда өңіріне көшуінің әлеуметтік-экономикалық факторларына тоқталсақ, бірнеше маңызды себептерді атап өтуге болады. Біріншіден, XIX ғасырдың соңында қазақтардың Қобда бетіне қоныстануы кезеңінде олардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығына негізделген еді. Мал шаруашылығы қазақтар үшін өмір сүрудің басты көзі және негізгі құрал-жабдық болып қана қоймай, халықтың тұтыну тауарларының негізгі көзі. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халық үшін жайылым жердің жеткілікті әрі табиғи жағдайлары қолайлы болуы аса маңызды. Алайда, Алтайдың батыс бөлігі табиғи жағдайлары жағынан қолайсыз болып,

оңтүстігі құмды шөлмен шектесіп, климаттық жағдайлары қатаң, қысы суық, қар жаууы мол, жазы өте ыстық сипатта болды. Бұл аймақта қыстау мен жайлаудың арасы ұзағырақ болса да, көлемі жағынан кең болғанымен, мал шаруашылығын дамыту үшін біршама қолайсыздықтар болды. Сонымен қатар, XIX ғасырдың басынан бастап Алтай өлкесінде егін шаруашылығының қарқынды дамуы мал жайылымының қысқаруына әкелді [14, 21 б.].

Жоғарыда атап өткендей, мал шаруашылығына табиғаттың қолайсыздығынан Қобда аймағына қоныстануына себеп болды, бұл аймақтың табиғаты қолайлы, көшпелі және жартылай шаруашылыққа ыңғайлы болды. Мал шаруашылығына қолайлы болу үшін қазақтардың бір бөлігінің Қобда бетіне қоныс аударуларына себеп болды. Қазақтардың әлеуметтік жағдайында жерге жеке меншік болған жоқ, қыстау жері жайылымның бір бөлігі ғана болды, көшпелі өмір салты мал жайылымына қарай көшіп-қонып жүрді, осыған байланысты қоғам феодалдар, басыбайлылар деген қарама-қарсы екі тапқа бөлінбеді. Қобда жерін мекендеген қазақтарда жеке меншігінде көп малы бар байлар, малы аз, орташа және кедей шаруалар болды. Қазақта қыстауды көп жыл бойы бір адам қыстайтын болса, ол қыстау болашақта оның меншігіне айналуы мүмкін болған дегенмен әрбір мал иесінің қыстауы болды, жазда шөбі жүйгін мал жайылымына ыңғайлы жерлерде қоныстанды.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан елдердегі жер жайылым қыстаудан тыс көктеу, жайлау, күзеуден құралды. Бұл тәжірибие мал шаруашылығымен айналысқан елдерде жерді жеке меншікке беруге болмайтындығын дәлелдейді. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған елдерде жайылымды қауымдасып пайдаланды. Жайылымдық жердің мөлшері малдың санына қарай, байлардың жайылым жер мөлшері орташалардан, кедейлерден көп болды. Орташа мен кедей шаруаға өзінің малына қажетті жайылымнан артық жердің қажеті де жоқ еді. Еркін шаруалар байлардың малын бағып басқадай жұмысын істегенде оны басы байлы болғандықтан емес, экономикалық мұқтаждық негізгі рөл атқарды. Адамның бай-кедейлігі оның жайылым жерінің мөлшерімен емес, малының санымен өлшенеді. Мал барлық уақытта жеке қожалықтың жеке меншігінде болды.

Моңғолия жеріне наймандардың қоныстануы 1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің жарлығына қарсы шығып, халық көтерілісіне қатысқаны үшін қудаланғандықтан Ертіс арқылы Қобда бетіне келіп қоныстанды [11, 46 б.]. 1916 жылғы көтерілістің шығуының басты себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді. Отарлық езгінің күшеюі, жердің тартып алынуы, салықтардың өсуі, еңбекшілердің қаналуы, өлкедегі соғысқа байланысты қалың халық бұқарасы жағдайының күрт нашарлауы елден ше елге кетуге себеп болды. Жазадан бас сауғалап қазақтардың бір бөлігі Қытай асып, екінші бөлігі 1919-1920 жылдары тағдыр тәлкегімен Моңғолия жеріне келіп мекендеген еді. Моңғол жеріне келіп орналасқан қазақтардың алдына жаңа қоныстағы жер мәселесі негізгі мәселе болып қойылды. Қазақтар Қобда бетіне көшіп келгенімен жайылым жер мәселесі оңай шешілген жоқ. Қобда бетін мекендеген уранхайлардың ауқаттылары қазақтардан жайылым жерін пайдаланғаны үшін ақы талап етіп отырды.

1921 жылы қазақтар Қобда өңіріне қоныс аударғаннан кейінгі кезеңде төңкеріс туындап, саяси және әлеуметтік аласапыран басталды. Сол жылы Моңғолияның батысына Ақтар әскері кіріп, оны қызыл әскерлермен болған қақтығыс кезеңі жалғастырды. Қобда қазақтары аталмыш төңкеріс оқиғасына белсенді түрде қатысып, өздерінің жайылымдық жерлерін және мал басын сақтап қалуға мүмкіндік алды. Бұл оқиғаға қазақтардың жан-жақты қатысуы олардың мекендейтін аумақтарында ірі әскери әрекеттердің тез аяқталуына ықпал етіп, елдің тыныштығын орнатып, бейбіт өмірге көшуіне айтарлықтай үлес қосты.

XX ғасырдың басында Ресей жәрмеңкелерінде аң терілерін айырбас саудаға пайдаланған қазақтар жайлы А.Н. Казнаков былай деп мәлімдеді: «Қазақтар аң аулау арқылы өз шаруашылығының белгілі бір саласын қамтып отырғаны байқалады» [18]. Яғни, аталмыш аймақтағы қазақтар мал және аң терісі өнімдерін өз күнделікті қажеттіліктеріне қалдықсыз әрі тиімді технологиялық әдістермен өңдеп, пайдаланып отырған. Сонымен қатар, мал шаруашылығы өнімдерін айырбас саудаға салып, қажетті тұрмыстық

бұйымдарын алған. Мәселен, қойдың бағасы – 3 шәй, жылқының бағасы – 15 шәй деп бағаланған. Қобда өзенінің жағалауындағы Даян өткелі маңындағы Қытай сауда дүкенінен мал өнімдері арқылы қажетті заттарды алған. Дегенмен, 1911-1912 жылдары халықаралық саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты Қытай саудасының қарқыны төмендеп, Ресей саудасының үлесі басымдыққа ие болды.

Алтай тауының батыс бетінде қазақ ауылдары шоғырланып, шаруашылықпен белсенді айналысты. Кейін олар шаруашылықтың басқа салаларын игеріп, өз тұрмыс қажеттіліктерін тауып, тиімді пайдалануы бұл аймақтағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуына ерекше ықпал етті. Моңғолиядағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының өркендеуі халықтың демографиялық өсімімен, қалалық және ауылдық жерге орналасуымен сипатталды. Тарихшы Г.Б. Қозғамбаева «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: өткені мен бүгіні» атты монографиялық еңбегінде отанынан тысқары Моңғолияда мекендеген қазақ диаспорасы дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысып, ұлттық дәстүр мен қазақ мәдениетін сақтап қалған бірден-бір этнос болып табылады- деп атап көрсетеді [20, 3 б.].

Алтай тауының батыс бөлігіндегі қазақ ауылдары дәстүрлі мал шаруашылығымен қатар, басқа кәсіп түрлерін меңгеріп, арнайы кәсіби бағыт алу арқылы бұл өңірдегі қазақ субэтностының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етті. Баян-Өлгей аймағының құрылуы аталмыш өңірдегі қазақтардың қоғамдық-экономикалық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты. Жоспарлы экономика кезеңінде шаруашылықта белгілі бір жетістіктерге жетілгенімен, халықтың жеке малының (бірлестік мүшесіне орташа есеппен 75 малдан) болмауы олардың экономикалық мүмкіндіктерін шектеуге себеп болды. Осы себептен нарықтық экономикаға өтпелі кезеңде әр аймақтағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қиындықтарға тап болды. Баян-Өлгей аймағының жалпы экономикалық ахуалы қазақтардың тұрмыс жағдайына теріс ықпал етті. Бұл мал санының азаюы, экономикалық құлдырау, жоспарлы экономиканың үстемдігі мен аймақ орталығының мал шаруашылығымен айналысатын аумақтардан шалғай орналасуымен байланысты болды. Өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына қарамастан, Моңғолияның ірі қалаларында қазақтардың саны жыл өткен сайын артып отырды. Бір жағынан, бұл қазақтардың белгілі кәсіп түрлерін игеру талпынысына, екінші жағынан ұрпақтың болашағына назар аударуымен және білім алуға қолайлы орта қалыптастыруымен байланысты болды.

Моңғолияны мекендеген қазақтардың әлеуметтік өмірі экономикасының негізі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғандықтан, тіршіліктің көзі мал әрбір отбасының жеке меншігінде, жайылым жер қауымдық меншікте болды. Әлеуметтік-экономикалық өмірдің осындай ерекшеліктеріне сай қоғамда малы көп байлар, малы аз шаруаларға бөлінді. Қазақ қоғамында еуропа елдеріндегідей феодал, басыбайлылар табы болған жоқ, байлардың шаруаларды қанауы феодалдық елдердегідей экономикадан тыс күштеу әдісімен жүргізілді, қоғамның саяси, рухани және басқада. көріністерінің сипаты көшпелілік өркениет белгілерімен айқындалып отырды. XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас кезінде қазақтардың экономикасының негізі көшпелі мал шаруашылығы болды да, егіншілік кәсібі баяу дамыды.

Моңғолия табиғатының ерекшелігіне байланысты қазақтар мал шаруашылығын жартылай көшпелі түрде ұйымдастырған. Әрбір қазақ ауылында белгілі бір қыстау мен қора қалыптасқан. Қыстауды ұзақ жыл иемденген отбасы оны өзінің жеке меншігі ретінде қарастырған, яғни қыстау аталған отбасының атымен аталып, басқа біреудің келіп қоныстануына немесе малын шөбін жегуге рұқсат берілмеген. Қыстақтағы мал қорасы, құрал-жабдықтары және мал азығы қатал түрде қорғалатын. Қыстауға қатысты құқық-ережелер жеке отбасының меншігін қорғауды мақсат еткен. Осылайша, қыстау мен қора әрбір отбасының жеке меншігі ретінде қалыптасты. Қыстау иесі оны ұрпаққа мұрагерлікпен қалдыруға немесе басқа отбасына беру құқығына ие болған, алайда қыстаудың сатылғаны немесе сатылғаны туралы дерек жоқ. Бұл деректер керейлер арасында қыстауға жартылай

жеке меншік қатынастары болғанын көрсетеді. Қазақтар арасында малға жем-шөп дайындау кең өрістемеген, бұл Қобда өңірінің табиғи ерекшеліктеріне байланысты. Жайылымдардың көпшілігі таулы-тасты жерлерде орналасқандықтан, жаппай шабындықтар аз болған, жайылым негізінен малдың өз аяғымен жайылуына бейімделген. Көшпелі қазақтар қыстаудан басқа үш кезеңде үнемі көшіп-қонып отырған. Қобда бетіне қоныстанған қазақтар төрт түлік мал ұстаған. Экономиканың натуралды сипатта болуы, сондай-ақ халықтың сыртқы елдермен сауда-саттық байланысының жоқтығы тауар-ақша шаруашылығының дамуына кедергі жасаған. Дегенмен, XX ғасыр басында қазақтар арасында ішкі сауда мен рыноктың дамуы біршама байқалды. Жеке қожалықтар арасындағы сауда көбінесе айырбас саудаға негізделіп, қазақтардың мал шаруашылығы мен қолөнер өнімдерінің өзара алмасуына мүмкіндік бермеген. Бұл қазақтарды көршілес Ресей мен Қытай елдерімен сауда қатынасын дамытуға итермеледі.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде және XX ғасырдың басында Қытайда капиталистік қатынастар дамып, бұл елдер өнеркәсіп өнімдерін өткізу нарығы мен ауыл шаруашылық шикізатының қорын іздеуге мәжбүр болды. Моңғолиядағы қазақтар да осы экономикалық өзгерістердің ықпалына түсе бастады. Тарихи деректерге сәйкес, XX ғасыр басында Ресейдің моңғол қазақтарымен шекаралас аудандарында жыл сайын ашылатын Сарымсақты жәрмеңкесі қазақтардың экономикалық дамуына үлкен үлес қосқан. Көнекөз қариялардың естелігіне қарағанда, жәрмеңке желтоқсан айында он күн бойы өткізіліп, қазақтар жыл сайын соғым сойып, мал өнімдерін (тері, жүн, киіз, аң терісі) Ресей ақшасына сатып, өздеріне қажетті заттарды алған. Қазақтардың негізгі сауда тауары – астық, шай, әртүрлі мата және күнделікті тұтынатын бұйымдар болған. Сонымен қатар, моңғол қазақтары Қытаймен және өз қандастарымен сауда байланыстарын да үзбей жүргізген.

Г.Н. Потаниннің еңбектеріне сүйенсек, XIX ғасырдың екінші жартысында Алтай бетін мекендеген керейлер егіншілікпен айналыса бастады. Қара Ертіс бойында арпа, бидай егілген, он шақты үй диірмендері жұмыс істеген, онда тартылған ұн Қобда бетін мекендеген қазақтарға жеткізілген [13, 38-39 бб.]. 1876 жылы Потанин жиырма шақты қазақтың әрқайсысы екі атқа киіз, шай, мата тиеп, Қырманға апарып астық сатып алғанын да жазған [13, 51 б.]. Сонымен қатар, моңғол жерінің батыс бөлігіндегі қазақтармен орыс пен қытай саудагерлері де сауда жасаған. Потаниннің мәліметіне қарағанда, керейлер арасында бірнеше орыс тасымал сауда орындары жұмыс істеген [13, 75 б.]. Қобда бетіндегі қазақтар екі түрлі алым-салық төлеген: бірі Цин империясына, екіншісі жергілікті билеушілерге. 1911 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа дейін Цин империясының ауыр салығы лау салығы болып, қазақтар жыл сайын империя әскері ат көлігіне арналған мың жылқы төлеген.

Алтай қазақтары үкімет пен жергілікті биліктерге жыл сайын 10 мың қой, 5 мың ірі қара, 1 мың түйе және 2 мың кесек киіз (ұзындығы 10 м, ені 5 м) берген [21, 17-21 бб.]. Қобда бетіндегі қазақтар жазда Даян, Сырғалы, Сүңгіті, Алтай сияқты жайлы, шөбі шүйгін жерлерді жайласа, қыста Қаратау, Шүйащы, Толбо, Дәлүін секілді қар аз жауатын жылы аймақтарды таңдаған. Тарихшы-ғалым З. Қинаятұлының айтуынша, 1860 жылдары бұл өңірде қазақтардың азғана ауылында 30 мыңнан астам қой, 10 мыңнан аса жылқы, 6 мыңнан аса сиыр және 2 мың түйе болған. Ал 1989 жылғы мәлімет бойынша, Баян-Өлгей аймағында жалпы 1 284 000 бас мал саналған, оның 0,8%-ы түйе, 6,5%-ы жылқы, 8,7%-ы сиыр, 60%-ы қой, 24%-ы ешкі болып, қазақтардың байырғы қой тұқымдары сақталған [11, 147 б.].

Моңғолиядағы қазақтардың экономикасының негізі ежелден көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығында жатқанын А. Сарай, Ә. Мініс, З. Қинаятұлы, И. Қабышұлы сияқты ғалымдар өз еңбектерінде кеңінен атап көрсеткен. Олар бүгінгі күнге дейін бұл дәстүрлі шаруашылық түрінің қазақтардың тұрмыс-тіршілігінің басты қайнар көзі болып қала беретіндігін дәлелдеп келеді. Жиырмасыншы жылдардың басында жерге, соның ішінде жайылымдық жерге жеке меншік жойылған соң, жерді жекеше пайдалануға ресми түрде тыйым салынды. Ендігі жерде қазақтар жиырмасыншы жылдарға дейін қолы жеткен жайылым жерді ақы төлемей, ақысыз пайдаланып отырды. Халықтың саны, мал басы өскен сайын бұл жерлер үнемі тарлық жасап келді. 1930 жылы МХР-дың үкімет орны қазақтарға

жер бөліп беру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім бойынша қазақтарға берілген жердің шығыс шегі қазіргі Баян-Өлгей аймағының орталығы Баян-Өлгей қаласы, солтүстігі қазіргі таулы Алтай автономиялық облысының Қосағаш ауданымен шектелді де, мұнан батысқа дейінгі жерлер қазақтардың пайдалануына берілді. Жоғарыда қабылданған шешімнің нәтижесінде қазақтарға бөлінген жайылым жердің мөлшері едәуір көбейді. 1930 жылдары қазақтар алған жердің көлемі Баян-Өлгей аймағының бүтінгі таңдағы жер көлемінің жетпіс бес пайызына тең болған. Осындай шешімнің нәтижесінде қазақтар жайылым жермен толық қамтамасыз етілді.

1920 жылдардың аяғы 1930 жылдардың басында Моңғол үкіметінде орын алған солшыл асыра сілтеушіліктің салдары қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне әсерін тигізді. Жиырмасыншы жылдардың соңында моңғол еліндегі феодалдарды тәркілеу саясаты жүргізілді. Моңғолия қазақтарының экономикалық өміріндегі ірі төңкеріс 1929 жылы басталды, сол жылы байлар мен билердің қолындағы мал жаппай конфискацияланды. Бұл шара экономикалық саясаттың түбегейлі өзгеруіне және қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығына үлкен әсер етті. Сонымен қатар 1931-1935 жылдары кедей шаруалардың жетпіс пайызы, орта шаруалардың елу пайызы ұжымдастырылуға тиіс болды. Моңғолия елінде жүргізілген саяси қайта құрулар кезінде «солшыл» бұрмалаушылық орын алды, оның зардабын қазақтарда тартты. Асыра сілтеу экономиканың негізі болатын мал шаруашылығына орны толмас зиян келтірді, үш-төрт жылдың ішінде мал басы сексен пайызға дейін кеміді. «Солшыл» асыра сілтеушіліктің зардабынан тіршілік көзі болып табылатын мал басының кемуі, қазақтардың тұрмыс жағдайына да әсерін тигізді. «Солшыл» асыра сілтеушіліктен қазақтар Алтайға көшу арқылы мал басын сақтап қалуға тырысты. 1931 жылғы көктемнен бастап жаппай қазақтардың Алтайға қоныс аудару басталады. Соның салдарынан Қобда бетіндегі қазақтардың 80% пайыздан астамы Алтайға ауып кетті. Алайда 1931-1932 жылдары Алтай асқан қазақтар Қобда бетіне қайта оралады. Себебі Қобда бетінде өмір сүріп, оның табиғатына үйреніп қалған адам мен мал Алтай өлкесін жерсінбеді. Алтай асқан қазақтар әлеуметтік жағынан дағдарысқа ұшырап, мал-мүлкінен айрылды, ашаршылыққа, жоқшылыққа ұшырап, азып-тозды. Қазақтар Алтайға ауа көшерден бұрын (1929 ж.) олардың қолында 2,3 миллион мал болған, 1938 жылғы санақ бойынша олардың малының саны 0,5 миллионға кеміген. Осы жылдар ішінде мал басының 1,8 миллионға кемуінің басты себебі, Алтайға көшудің салдарынан орын алды [1, 72 б.].

Қазақтардың Қобда бетіне қайта оралған соң, Моңғол үкіметінің қазақтар өмірінің ерекшелігімен санасу саясатын жүргізудің зор саяси маңызы болды. Моңғол үкіметінің шешімі бойынша қазақтарға мал шаруашылық өнімін дайындау, алым-салық төлеу және әскер қатырына бару сияқты міндеттер жүктелмеді. Қазақтар мекендеген жерлерде адам, мал санағы жүргізілмеді. Отызыншы жылдардың соңынан бастап МХРП мен үкіметі халық революциясынан соңғы жиырма шақты жылдың ішінде халық бұқарасының ой-санасында, көзқарасында болған өзгерістерге сүйене отырып, қазақтар арасында жүргізілетін әлеуметтік шараларды революциялық әдістермен жүргізу саясатына көшті. Осы мәселелердің бәрі қазақтың жеке аймағын құруға алғышарттар жасады.

Қазақ ұлттық аймағының құрылуы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал жасап, мал шаруашылығының дамуына, тұрмыс жағдайларына жаңа серпіліс берді. Моңғолияның батыс өңіріндегі қазақтардың қоғамдық өмірінің дамуы мен экономикалық, материалдық негізін нығайту мақсатында олар шоғырланған аймақта қазақтың ұлттық, әкімшілік-территориялық бірлігін құру қажеттігі туындады. Осы талапты ескерген Моңғол Халық Республикасының VIII құрылтайы қазақтардың саяси және экономикалық жағдайын толық ескере отырып, ұлттық автономиялы жеке аймақ құру туралы тарихи маңызды шешім қабылдады. 1940 жылғы 25 маусымда Моңғол Халық Республикасының кіші құрылтайы қазақ аймағын құру туралы жарлық шығарды. Бұл құжат елдегі қазақтардың өзін-өзі басқару құқығын ұлттық әкімшілік-территориялық бірлік ретінде бекітіп, олардың талап-тілегін орындады. Осылайша, Моңғолиядағы қазақтар өз алдына жеке шаңырақ көтеріп, Баян-Өлгей әкімшілік-территориялық аймағы құрылды. Бұл оқиға өңірдегі

қазақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен серпін берді. Мал шаруашылығының өркендеуіне үкімет тарапынан қолайлы жағдайлар жасалынып, тері өңдеу сияқты өндіріс орындары ашылды, мал өнімдерін шет елдерге шығаруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар Баян-Өлгей аймағындағы халықтың тұрмыс жағдайлары артып, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде ғана емес мәдениеті ілгерілеп, рухани дамуында шешуші рөл атқарды.

Қорытынды

Моңғолияға қоныстанған қазақтар өңірдің табиғи жағдайлары, жер-су ерекшеліктері мен ауа райына икемделе отырып, өздерінің ата-бабалары сияқты өмір салтын сақтап қана қоймай, қазақ ұлтының ұлттық қасиеттерін де берік ұстанды. Осылайша, Моңғолиядағы қазақтар саны жағынан жергілікті моңғол халқынан кейінгі ең ірі этносқа айналды. Мұнда мекендеген қазақ рулары өзара қоғамдық және биологиялық ерекшеліктер негізінде қазақ этносының біртұтас қауымдастығын қалыптастырып, оны кейінгі ұрпақтарға табысты жалғастыра білді. Моңғолиядағы қазақтардың әл-ауқатына мал басының қарқынды өсуіне кедергі болатын жұт салдары, жыл сайын жайылымның азаюына қарамастан ауыл тұрғындары дәстүрлі жартылай көшпелі мал шаруашылығын дамытуға ықпал етті.

XIX ғасырда Алтай аймағындағы қазақтың абақ-керей рулары дәстүрлі мал шаруашылығына байланысты өз қоныстарын кеңейтіп, халықтың шашырай қоныстануының басты себепкері болды. Осы кезеңде қазақтың бір бөлігі Алтай тауының теріскей бетіне ірге тепті. Мұнда алғашында абақ-керей рулары қоныстанса, кейін найман, уақ, арғын, төре сияқты рулар қосылып, қазақ этносының қалыптасып, дамуының жаңа кезеңіне жетті. Өлкедегі қазақтар ата-бабалары сияқты байырғы тұрақты қонысқа ие болды. Алайда, жоғарыда айтылғандай, қазақтар бұл өлкеге қоныстанғаннан бері сан алуан факторлардың әсерінен қиыншылықтар мен азапты кезеңдерді бастан өткерді. XX ғасырдың ортасында Баян-Өлгей аймағының құрылуы қазақтарға ұлттық-территориялық әкімшілік бірлік ретінде өзін-өзі билеу құқығын беріп, бұл мүмкіндік кеңінен жүзеге асты. Баян-Өлгей аймағын мекендеген қазақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына алғышарт жасап, халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына ұлттық мәдениеті мен құндылықтарын сақтауға серпін берді. Соңғы жылдардағы Моңғолия экономикасының дамуы Баян-Өлгей аймағының мал шаруашылығының салыстырмалы қарқынды дамуына, қазақтардың өндіріс саласында еңбек жасуға мүмкіндік берді және халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мініс Ә., Сарай А. *МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан.* – Баян - Өлгей: Аймақ баспаханасы, 1960. – 134 б.
2. Қабышұлы И. *Монғолия қазақтарының тарихы.* – Өлгей: Аймақ баспаханасы, 1980. – 240 б.; Қабышұлы И. *Қазақ қауымы: Қазақ ұлысының 2200 жылдың тарихы.* – Алматы: Жазушы, 1997.
3. Қинаятұлы З. *Жылаған жылдар шежіресі (Тарихы көркем публицистика).* – Алматы: Мерей, 1995. – 298 б.
4. Қинаятұлы З. *Моңғолиядағы қазақтар.* - Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001. - 320 б.
5. Камалашұлы Б. *Моңғолиядағы қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы (XIX ғ. соңғы жартысы – XX ғ.): Т.ғ.д. дис. ... авторефераты.* – Алматы, 1998. – 54 б.
6. Мухамадиұлы Қ. *Монғолиядағы қазақ субэтносының қалыптасуы мен дамуы.* – Алматы-Улаанбаатар: Чойжол, 1997. – 221 б.
7. Әжіғали С.Е, Ошанов О.Ж., Тоқтабай А.У. *Моңғолия қазақтары этникалық тобын зерттеудің бағдарлама-сұрақнамасы.* – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2004. – 47 б.
8. Құрманбайұлы Ү., Рахметұлы Ш. *Моңғолиядағы қазақ халқы.* – Улаанбаатар: «АДМОН», 2007. – 264 б.

9. Қозғамбаева Г.Б., Қалыш А.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 172 б.; Қозғамбаева Г.Б. Қазақ диаспорасының тарихы туралы зерттеулер //Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың хабаршысы. Тарих сериясы. №3 (58), 2010. – 49-54 бб.

10. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 261 с.

11. Қинаятұлы З. Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Атажұрт, 2001. – 318 б.

12. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Ленинград, 1930. Т.2-3. – 414 с.

13. Потанин Г.Н. Очерки северо – западной Монголии. – Санкт – Петербург, 1881. – 340 с.

14. Сарай А. Баян-Өлгей аймақтың қазақ халқы тарихының кейбір мәселелері. – Өлгей: МХР-ғылым тарату қоғамының Баян-Өлгейлік бөлімі, 1968. – 104 б. .

15. Шынай Р. Моңғолия қазақтарының ата-тек шежіресі. – Баян-Өлгей: Баспагер, 1997. – 212 б.

16. Астафьев Г.В. Национальный вопрос в Китае (1911-1949). – М., 1971. <https://www.lib.asu.ru.arhiv.doc>.

17. Сапожников В.В. По Алтаю (Дневник экспедиций). – М., 1949. II том - 273 с. <https://www.litmir.club>.

18. Казнаков А.Н. Мой пути по Монголии и Каму. – СПб.: Русского. географического общества, 1907. – 135с. <https://www.litfund.ru>

19. Байжұма Г., Дукенбаева З. 1911-1940 жылдардағы Моңғолия қазақтарының қилы тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және әлеуметтік- саяси ғылымдар сериясы». 1(64), 2020. – 73-78 бб.

20. Қозғамбаева Г.Б. Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: өткені мен бүгіні – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 155 б.

21. Тортаева Ә. Шығыс Түркістан қазақтары. //Қазақ тарихы. 1, 1998. – 17-21 бб.

References:

1. Minis Ä., Sarai A. MHR Baian-Ölgei aimağynyñ qazaq halqy tarihy. – Baian -Ölgei: Aimaq baspahanasy, 1960. – 134 б.

2. Qabyşuly İ. Moñğolia qazaqtarynyn tarihy. – Ölgei: Aimaq baspahanasy, 1980. – 240 б.; Qabyşuly İ. Qazaq qauymy: Qazaq ūlysynyn 2200 jyldyñ tarihy. – Almaty: Jazuşy, 1997.

3. Qinaiatuly Z. Jylağan jyldar şejiresi (Tarihy körkem publisistika) – Almaty: Merei, 1995 - 298 б.

4. Qinaiatuly Z. Moñğoliadağy qazaqtar. – Almaty: Düniejüzı qazaqtarynyn qauymdastyğy, 2001. – 320 б.

5. Kamalaşuly B. Moñğoliadağy qazaqtardyñ дәstürli şaruashylyğy (HII ğ. soñğy jartysy – XX ğ.): T. ğ. d. dis. ... avtoreferaty. – Almaty, 1998. – 54 б.

6. Muhamadiuly Q. Moñğoliadağy qazaq subetnosynyñ qalyptasuy men damuy. – Almaty- Ulaanbaatar: Chojjol, 1997. – 221 б.

7. Äjiğali S.E, Oşanov O.J., Toqtabai A.U. Moñğolia qazaqtary etnikalyq tobyn zertteudiñ bağdarlama-sūraqnasy. – Almaty: Ş.Ş. Uälihanov atyndağy Tarih jäne etnologia instituty, 2004. – 47 б.

8. Qürmanbaiuly Ü., Rahmetuly Ş. Moñğoliadağy qazaq halqy. – Ulaanbaatar: «ADMON», 2007. – 264 б.

9. Qozğambaeva G.B., Qalyş A.B. Moñğoliadağy qazaq diasporasynyñ tarihy: oqu qūraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2014. 172 б.; Qozğambaeva G.B. Qazaq diasporasynyñ tarihy turaly zertteuler //Äl-Farabi atyndağy QazŪU-dyñ habarşysy. Tarih seriesy. №3 (58), 2010. – 49-54 бб.

10. Mendikulova G.M. İstoricheskie südby kazahskoi diasporı: p roishojdenie i razvitie. – Almaty: Fylym, 1997. – 261 s.

11. Qinaiatuly Z. Moñğoliadağy qazaqtar. – Almaty: Atajürt, 2001. – 318 б.

12. Grumm-Grjmailo G.E. *Zapadnaia Mongolia i Uränhaiski krai*. - Leningrad, 1930.T.2-3. - 414 s.
13. Patanin G.N. *Ocherki severo – zapadnoi Mongoli*. - Sankt – Peterburg, 1881. – 340 s.
14. Sarai A. *Baian-Ölgei aimaqtyñ qazaq halqy tarihyñ keibir mäseleleri*. – Ölgei: MHR-ğylym taratu qoğamynyñ Baian-Ölgeilik bölümi, 1968. – 104 b. .
15. Şynai R. *Moñğolia qazaqtarynyñ ata-tek şejiresi*. - Baian-Ölgei: Baspager,1997. - 212 b.
16. Astafev G.V. *Nasionälnyi vopros v Kitae (1911-1949)*. - M., 1971. [https://www. lib.asu ru. arhiv.doc](https://www.lib.asu.ru.arhiv.doc).
17. Sapojnikov V.V. *Po Altaiu (Dnevnik ekspedisi)*. - M., 1949. II tom - 273 s. [https://www. litmir.club](https://www.litmir.club).
18. Kaznakov A.N. *Moi puti po Mongolii i Kamu*. – SPb.: Ruskogo. geograficheskogo obşestva, 1907. – 135s. [https://www. litfund.ru](https://www.litfund.ru)
19. Baijūma G., Dukenbaeva Z. 1911-1940 jyldardağy Moñğolia qazaqtarynyñ qily tarihy // *Abai atyndağy QazĪPU habarşysy. «Tarih jäne äleumettik- saiasi ğylymdar seriasy»*. 1(64), 2020. - 73-78 bb.
20. Qozğambaeva G.B. *Moñğoliadağy qazaq diasporasynyñ tarihy: ötkeni men bügini* – Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 155 b.
21. Tortaeva Ä. *Şyğys Türkistan qazaqtary*. //Qazaq tarihy. 1, 1998. – 17-21 bb.